

Сыр бойындағы жойылу қаупі ықтимал тарихи-мәдени ескерткіштерді зерттеудің өлке тарихын жазуда алатын орны

Қызылорда облысы тарихи ескерткіштерге бай өлке, облысымызда 600-ден аса археологиялық және тарихи-архитектуралық ескерткіш тіркелген. Алайда тарихи ескерткіштердің зерттелу деңгейі заман талабына сай жүргізілмей келеді. Әрине бұл жағдайға басты себеп зерттеу жұмыстарына қажетті қаржы көздерінің қарастырылмай отырғанын да айта кету керек. Дегенмен қазіргі таңда Сыр өңірінің археологиялық және архитектуралық мұрасының зерттелуі, ғылыми айналымға енгізілуі кенже қалып келеді.

2005-2007, 2011 жылдары ҚР президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында «Қызылорда облысының тарихи-мәдени ескерткіштерінің жинағын» шығару мақсатында Шірік-рабат археологиялық экспедициясы (жетекшісі Құрманқұлов Ж.) жанынан «Археологиялық барлау экспедициясы» жасақталды. Барлау жұмыстарын Ж. Құрманқұловтың басшылығымен экспедиция мүшелерінен жасақталған барлау тобы жүргізді¹. Бұл зерттеулер барысында өңірімізде көрініп тұрған ескерткіштермен қатар, табиғи-техногендік және антропогендік факторлар салдарынан жер қатпарларына сіңіп кеткен ескерткіштер, егіс танаптарында, газ, мұнай, су құбырларын тартқан кезде, құрылыс жұмыстарын жүргізген кезде бұзылып, кейде мүлде жойылып кету қаупінде тұрған археологиялық және архитектуралық ескерткіштер анықталды.

Атап айтқанда, б.з. I мыңжылдының екінші жатысымен мерзімделетін Қармақшы ауданында орналасқан Сортөбе I, II ескерткіштері Сырдария өзенінің арнасының табиғи өзгеруіне байланысты жартылай шайылып, жойылу алдында тұр.

Ортағасырлық *Сортөбе I*, қаласы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кентінен батысқа қарай 10 км, Сырдария өзенінің сол жағалауында орналасқан. Ескерткіште 2007 ж. Ж. Құрманқұловтың басшылығымен ШРАЭ-ның археологиялық барлау отряды (отряд жетекшісі Ә.Ә. Тәжекеев) (Құрманқұлов, Тәжекеев, 2007) және «Археолог» халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы» (директоры М. Елеуов) жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің археологиялық тобы Сортөбеде болып, оның жобасын сызып, суретке түсіріп, су шайып жатқан құлама жарқабағында тазарту жұмыстарын жүргізіп, судың жағасында, суда жатқан заттарды жинап, олардың суретін салды [Елеуов М., Құрманқұлов Ж. Сортөбе. Жанкент және Жент. – Түркістан: Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, ТҰРАН. – 2008. – 93 с. 4-25 беттер].

¹ Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Кызылординская область. Алматы. Аруна, 2007. Қазақ тілінде үстіміздегі жылдың қазан-қараша айларына жоспарланған.

Сырдария өзені шайып бұзылып жатқан Сортөбе туралы 2007 жылғы 13 шілде де «Айқын» газетінде «Сортөбе су астында қалғалы тұр»², 29 тамызда «Егемен Қазақстан» газетінде «Құпия қала» атты мақала жарияланды³. 2007 жылғы 20 желтоқсанда «Ақмешіт апталығы» газетінде «Бұл-Сортөбе емес, Ордазы» атты мақала шықты. Мақала авторы Әніс Жақыпұлы Сортөбені «Ордазы» деп атауды ұсынған және ескерткіштің тарихына қытысты әр түрлі деректер келтірген⁴. Әбу Алпамыс Жалғасұлының Ұлттық ғылым академиясының хабаршысында «Сыр елінің тарихынан сыр шертер жәдігер» мақаласы жарық көрді⁵.

Батыс қабырғасы 80 м, оңтүстік қабырғасы 70 м ұзындықта сақталған, биіктігі 2,5-3 м төбенің солтүстік және шығыс қабырғаларын Сырдария өзені толық шайып кеткен. Оның өзен шайып кеткен солтүстік-шығыс бөлігінің оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай ұзындығы 120 м, осы бөлігіндегі мәдени қабатының қалыңдығы 3,5-4 м. (Сурет 1, 2, 3, 4, 5.)

Сортөбенің керамикалық кешені өте бай, онда VII-VIII ғғ. мерзімделетін бүйірі иінді, қабырғасы бүйірінен ернеуіне қарай сыртқа иілген тостағандар (қызыл ангоб) Жетіасар III кезеңімен мерзімделетін ескерткіштерден және Отырар қаласынан табылған [Елеуов М., Құрманқұлов Ж. Сортөбе. Жанкент және Жент. – Түркістан: Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, ТҰРАН. – 2008. – 93 с. 4-25 беттер]. Сонымен қатар, Жанкент қазбаларынан табылып жүрген IX-X ғғ. мерзімделетін үстінде батырып салынған сызықты өрнектері бар қақпатар, ернеудің сыртындағы жапсырмаға қатты затпен батырып өрнек салынған ыдыстар және әртүрлі мақсатта пайдаланылған культі бұйымдар – «қошқар бастар» көп кездеседі [Елеуов М., Құрманқұлов Ж. Сортөбе. Жанкент және Жент. – Түркістан: Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, ТҰРАН. – 2008. – 93 с. 4-25 беттер]. Ортағасырлық Сортөбенің Сырдария өзені шайып, бұзылып жатқан тік құлама жарқабағында қысқа мерзімде, шұғыл түрде жүргізілген тазарту жұмыстар барысында қол жеткен заттай деректерге қарағанда, қала VIII-X ғ. басы (не 1-жартысы) аралығында өмір сүрген ескерткіш [Елеуов М., Құрманқұлов Ж. Сортөбе. Жанкент және Жент. – Түркістан: Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, ТҰРАН. – 2008. – 93 с. 4-25 беттер]. Шамасы, қаладағы тіршілік Сырдария өзені арнасының ауысуына байланысты тоқтап, осындағы халық Жанкент бағытында ығысуы мүмкін.

Келесі ескерткіш жетіасар мәдениетіне жататын **Қара асар** қалашығы, Қызылорда облысы, Жалағаш ауданынан оңтүстік батысқа қарай 12 км жерде

² Мұрат Ақанұлы. Сортөбе су астында қалғалы тұр // Айқын, №128 (824), 13 шілде, 2007

³ Серік Пірназар. Құпия қала // Егемен Қазақстан, №274-276 (24849), 29 тамыз, 2007

⁴ Әнес Жақыпұлы. Бұл – Сортөбе емес, Ордазы // Ақмешіт апталығы, №51(706), 20 желтоқсан, 2007

⁵ Әбу Алпамыс Жалғасұлы. Сыр елінің тарихынан сыр шертер жәдігер // ҰҒА Хабаршысы. Қоғамдық ғылымдар сериясы. №1. – 2008. 40-43 бб.

орналасқан. Ескерткіштің 1/3 бөлігі сақталған, қалған бөлігінің топырағы магистралды жол құрылысы үшін арнайы техника күшімен қазылып алынған. (Сурет 8, 9, 10, 11.)

Жетіасар мәдениетінің ескерткіштерін археолог-ғалымдар орналасу территориясына және мерзімдеріне қарай Батыс және Шығыс асарлар тобы деп екі топқа бөледі. біріншісі Алтын-асар, Бидайық-асар, Томпақ-асар, Бұзық-асар, Жалпақ-асар және т.б., асарлар орналасқан *Жетіасар шатқалы*; екіншісі *Шығыс асарлар*, бұл топқа Моншақты-асар, Ақмед-қала, Үңгірлі-асар, Сырлы-асар Шіркейлі Қос-асары, Жетім-асар, Үлкен Қос-асар, Кіші-асар, Құлке-асар және т.б. қалалар жатады. Қара асар қаласы да Шығыс асарлар тобына кіреді. [Левина Л.М. Низовья Сырдарьи в древности. Вып. 5. М., 1995 Левина, 1995, стр. 6-7].

Апатты жағдайда тұрған тағы бір ескерткіш *Көктоңды* қалашығы. Ескерткішті 2006 ж. ШРАЭ барлау тобы зерттеген. Сопақша пішінді 35x42 м, биіктігі 9-10 м сақталған төбе түріндегі қорған. Қалашық сыртынан айналдыра ормен қоршалған. Ескерткіш туралы алғашқы мәліметтер Ресей империясы әскерінің офицері А.И.Машкеев қалдырған. Оның сипаттауынша – қалашық №3 және №4 форттар арасын байланыстыратын жол бойында орналасқан, жергілікті тұрғындардың айтуы бойынша төбе орнында бұрын қамал болған деп, – суреттейді. Жалпы Көктоңды қалашығы туралы нақты тарихи деректер жоқ, академик Ә.Х.Марғұлан өзінің «Ежелгі жыр аңыздар» еңбегінде: «Қаңлы тайпалары бір кездері Жетісуда, Іле өзені мен Арал теңізінің аралығын, солтүстігінде Қарақұмға дейінгі аралықта мекендеген. Сол кезде Қаңлы ханын Көктоңды деп таныған» - деп жазады. [Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы. – Алматы: Аруна, 2011. – 504 бет. 99-100 беттер]. Ескерткіш жергілік тұрғындар тарапынан жерлеу құрылыстарын салу салдарынан бүлінушілікке ұшырап отыр. Мазарлар қазу барысында қалашықтың мәдени қабаттына қатты зақым келген. (Сурет 12, 13, 14, 15.)

Жоғарыда аталған Сортөбе, Қарақ асар және Көктоңды қалашықтары қазіргі күнде табиғи-климаттық жағдайлар және антропогендік факторлар салдарынан бұзылуда. Мысалы, кейбір ежелгі қалалардың үстіне қазіргі кездегі жерлеу құрылыстары салынса, бірнеше кейінгі ортағасырлық қазақ мазарлары мен мешіт орындары мал қораларға айналған.

Көрсетілген ескерткіштерді зерттеу барысында алынатын материалдар негізінде ерте-орта және ортағасырларда осы аймақты мекендеген халықтар мен саяси бірлестіктер, мемлекеттер жайлы тың тарихи деректермен толықтыру мүмкіндігіне қол жеткізуге болады.

Еліміздің басқа аймақтарында осындай табиғи-климаттық, антропогендік факторлар салдарынан бүлініп, жойылу алдында тұрған ескерткіштерді зерттеудің бірнеше мысалдары бар: Атырау қаласынан солтүстікке қарай 55 шақырым жерде Жайық өзенінің оң жағасында орналасқан ортағасырлық Сарайшық қалашығының 90 % астамын өзен суы

шайып кеткен, мәдени қабаттардың көп бөлігін жергілікті тұрғындар кейінгі жерлеу құрылыстарын салуда қопарып тастаған. Сарайшық қалашығында археологиялық зерттеу жұмыстары т.ғ.д., З.С.Самашев жетекшілігімен 1996 жылы басталып, қазіргі күні Сарайшық қалашығының орнында ашық аспан асты мұражай құрылған. Сонымен бірге, Сарайшық қалашығында жүргізілген археологиялық қазбалар барысында алынған материалдар Атырау облыстық және Сарайшық ауылдық мұражайында археологиялық ескерткіш экспонаттарына айналған. Қалашықты зерттеулер барысында З.Самашевтың «Сарайшық тиындары», «Сарайшық қыш бұйымдары» және т.б. еңбектер жарыққа шығып, тарихшылар мен жалпы оқырманға ұсынылды. (Сурет 6, 7.)

Облыс аумағында орналасқан ортағасырлық Сығанақ қалашығының да мәдени қабаттары кейінгі жерлеу құрылыстарын салу салдарынан бұзылып, ал көне архитектуралық ғимараттары құлатылып күйдірілген кірпіштері құрылыс салуға пайдаланылып келген. Тек көрнекті ғалым т.ғ.д., профессор С.Жолдасбайұлының жетекшілігімен 2003 жылдан бері жүргізіліп келе жатырған археологиялық зерттеулер нәтижесінде орын алған бүлдірушіліктер тоқтатылды. Қазіргі күні Сығанақ қалашығы туристік нысанға айналған, ескерткіш жанындағы кейінгі орта ғасырларда салынған мешіт-медресе ғимаратына қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген. 2010 ж. С.Жолдасбайұлының «Ортағасырлық Сығанақ қаласы (X- XVIII ғғ.)» атты монографиясы шықты. (Сурет 16,17.)

Табиғи-климаттық жағдайлар салдарынан жойылу қаупі алдында тұрған және бір ескерткіштер тобы Сыр өңіріндегі кесенелер. Өңірдің кейбір тарихи-архитектуралық ескерткіштерінің басты ерекшелігі – күйдірілмеген саз кесектен тұрғызылуы. Құрылыс материалының бұл түрі ежелгі дәуірден пайдаланылып келеді. Алғашқы саз кірпіштерді б.з.д. V-IV мыңжылд. ежелгі Египет мәдениетін қалыптастырған тайпалар пайдаланған. Негізі саз кесектер орманы жоқ өңірлерде, яғни ағаштан құрылыс тұрғызу мүмкіндігі аз және күйдіруге қажетті отын аз жұмсалатын өңірлерде пайдаланылып отырған.

Қызылорда облысында сақталып қалған ең көне саз кесектен тұрғызылған ескерткіштер – Түгіскен (б.з.д. XI- VIII ғғ.) және Сеңгіртам ғұрыптық жерлеу құрылыстары (б.з.д. V ғ.). [Толстов С.П. По древним Дельтам окса и Яксарта. – М; Издательство Восточной литературы: 1962 г. – 353 с.]. Өңірімізде XV-XIX ғғ. аралығында осы аталған құрылыс материалынан тұрғазылған ескерткіштер тобының негізі кесенелер болып табылады.

Облыс аумағындағы тарихи-архитектуралық ескерткіштерге жүргізілген арнайы зерттеу жұмыстары жоқтың қасы. Бұл бағытта жоғарыда атап өтілген барлау экспедициялары, Қызылорда облысы тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағына қосу үшін ескерткіштерді тіркеу, сипаттау жұмыстарын атқарса, 2013 жылы университет түлегі Ф.Алтаева «Сырдарияның төменгі ағысындағы мавзолейлердің классификациясы»

тақырыбында магистрлік диссертация жазып қорғады. [Сырдарияның төменгі ағысындағы мавзолейлердің классификациясы 6M011400 - Тарих мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының АВТОРЕФЕРАТЫ. Қорқыт Ата атындағы ҚМУ, Қызылорда, 2013.]. Ф.Алтаеваның жұмысында өңіріміздің тарихи сәулет ескерткіштерін кеңінен зерттеп, XVIII-XIX ғғ. жататын Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан мемориалды культтік ескерткіштерге тарихи талдау жасауға талпынды. Аталған жұмыстардан басқа Сыр бойының жаңа ғасырлардағы кесенелер мен басқа да ғұрыптық ескерткіштеріне тұшымды зерттеулер жүргізілмеген.

Өлке аумағында XVIII-XIX ғғ. мерзімделетін 200 ден аса тарихи-мәдени ескерткіштер белгілі. Олардың барлығы дерлік саз кесектерден тұрғызылған. Табиғи-климаттық жағдайлар әсерінен (жауын-шашын) жартылай құлап, жойылу алдында тұрған ескерткіштердің барлығына қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу және сақтап қалу мүмкін емес, десек те әзірге құламай тұрған кесенелердің архитектуралық пішінін зерттеп, құрылыс техникасын, стилін сипатталып, ескерткіштерді классификациялау жұмыстарын атқару кезек күттірмейтін мәселе. Өртүрлі факторлар әсерінен бүлініп жойылу алдында тұрған бірнеше тарихи-архитектуралық ескерткіштерге тоқталып өтсек.

Қазалы ауданында орналасқан – *Нияз кесенесі* (XIX ғ.) (Сурет 18.) Ескерткіш Қазалы қаласынан шығыс бағытта 18 шақырым жерде Батыс Қытай – Батыс Еуропа халықаралық тас жолы бойында орналасқан. Тіктөртбұрышты саз кесектерден салынған кесененің өлшемдері 7,5x7,5 м, сақталған биіктігі 2 м. Архитектуралық құрылыс бір камералы, бетше босағалы-күмбезді. Күмбездің өлшемдерін құлап қалғандықтан толық анықтау мүмкін емес.

Жалпы ескерткіштің архитектурасы Арал маңында мекендейтін ру-тайпалардың құрылыс салу салтына сай келеді. [Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы. – Алматы: Аруна, 2011. – 504 бет. 274-275 беттер].

XIX ғ. жататын *Мәмбетбақи* кесенесі – Қазалы қаласынан 78 шақырым қашықтықта (Сурет 19.) бір уақытта Арарл теңізінің жағасында тұрған «Қосұйтам» қорымында орналасқан. Бұл қорымда одан басқа тағы бір күмбезді кесене (*Нияз*) және бірнеше су шайып кеткен төркұлақ орындары бар.

Мәмбетбақи кесенесін «Жүсіп сарт» деген атақты шебер XIX ғ. ортасында салған. Кесене өлшемдері 35x17x8 см болатын саз кесектерден тұрғызылған, жоспары 8,4 x 9,8 м болатын дөңгелек пішінді биіктігі 4,8 м сақталаған. Екі камералы ескерткіштің, біріншісі ұзын тарлау дәліз, екіншісі дөңгелек күмбезбен жабылған жерлеу камерасы.

Кіреберіс дәліздің төбесі қамыспен жабылған. Жерлеу камерасының ішкі қабырғалары күмбезінің негізіне дейін сыланған. [Қазақстан

Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы. – Алматы: Аруна, 2011. – 504 бет. 300-бет].

XVII – XVIII ғғ. салынған **Байғана кесенесі**. (Сурет 20.) Ескерткіш Қызылорда қаласынан солтүстік-шығыс бағытта 175 шақырым қашықтықта, Сарысу өзенінің төменгі ағысында Қызылжыңғыл шатқалында орналасқан.

Орта Азия мен Сібірді байланыстыратын негізгі сауда жолының бойында орналасқан бұл кесенені Н.Потанин, Ю.Шмидт сияқты саяхатшылар өз күнделіктерінде атап өтеді. Байғана бір заманда танымал адам болған. Содан блса керек кесене тұрған жер «Қызыл жыңғыл байғана» аталып кеткен. Аңыздарда Байғана атақты мерген, тарихи оқығаларға қатысушы болып сипатталады.

Байғана кесенесі саз өлшемі 35x17x8 см кесектерден тұрғызылағн жоспарында тік төртбұрышты өлшемдері – 6,7x8,7 м, биіктігі – 4,7 м сақталған. Ескерткіш қатты бүлінген, оңт-шығ қабырғасы мен күмбезі құлап қалған.

Жоспарында шаршы пішінде болған кесене негізінің үстіңгі бөлігі параболалық пішініндегі күмбезбен жабылған.

Кесененің камерасы сегіз қырлы, сегіз қырынан күмбез шеңберіне өту сегіз бұрышының әрқайсысынан бірінің үстінен бірі шыққан кірпіш сөрелер арқылы іске асырылған. Кесенеде жерленген тұлғаның белгілі адам болуы да ескерткіштің тарихи маңызын арта түседі. [Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы. – Алматы: Аруна, 2011. – 504 бет. 385-388 беттер].

Табиғи-климаттық жағдайлардың әсерінен құлаған тағы бір ескерткіш **Қасым Ата** кесенесі. (Сурет 21.) XIII – XIV ғғ. мерзімделетін Қасым ата ескерткіші Жаңақорған кентінен оңтүстік-батысқа қарай 26 шақырым жерде, Қызылқұм ішінде кеуір қалған Оғыз жылғасының бойында, қалың сексеуіл өскен құм төбесінде орналасқан. Кесене туралы XIX ғ. басында В.Каллаур жазып қалдырған.

Қазіргі күні кесене қатты құлаған: тек жерлеу камерасының қабырға бөліктері мен оған жанасып жатқан солтүстік аркалы тромп және оның үстінен қаланған күмбездің біреше қатар кірпіштері сақталған. Кесененің қазіргі апаттық жағдайы шаруашылық қызметтерінің әсерлерінен болған. Жақын маңайдағы ауыл ақсақалдарының айтуынша XX ғ. 20-жылдары кесене әдейі қиратылып, кірпіштері паравоздарға көмір дайындау үшін пештерге пайдаланылған.

Кесене өлшемдері 27x27x6 см болатын күйдірілген кірпіштерден салынған. Қирап жатырған үйінді жопары 12,5x10,9 м биіктігі 4,3 м сақталған. Кесене қалдықтарынан оның бір камералы, бетше-күмбезді, кіреберіс ойығы оңтүстікке бағытталған құрылыс екенін айтуға болады.

Ескерткіштің архитектуралық композициясының жақын аналогтары Сырлытам, Іңкәрдариялық 1298 ж. кесенелер екенін ескере отырып, зерттеушілер Қасым ата кесенесін XIII ғ. аяғында тұрғызылған деп

мерзімдейді. [Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы. – Алматы: Аруна, 2011. – 504 бет. 257-258 беттер].

Дәл осындай апатты жағдайда тұрған Жаңақорған ауданы, Төменарық станциясында орналасқан Көк-кесене, Қазалы ауданы, Өркендеу ауылы маңайындағы Мың төбе қалашығы айналасындағы кесеенелер орны және т.б. бірнеше ескерткіштерді атауға болады.

Қармақшы ауданының орталығы Жосалы станциясына солтүсікке қарай 15 шақырым жерде Сырдария өзені аранасының бойында орналасқан Қорқыт қорымы да апатты жағдайда қалып отыр. (Сурет 22, 22а.)

Қорым үш бөліктен тұратын кезеңдері әртүрлі жерлеу құрылыстарынан тұрады.

Қорқыт Ата мазары – мерзімі шамамен ІХ-Х ғасырлар қорымның орта тұсында болған деген деректер бар. 1925 жылдан опырыла бастап, 1952 жылы Сырдария өзені шайып кеткен. Қазір орны белгісіз. Мазар 19 ғасырдың соңында Ә.Диваев, И.А. Кастанье, П.И. Лерх зерттеулеріне негіз болған. Бізге «Түркістан альбомы» жинағында жарияланған фотосуреттер арқылы жеткен. Диваев пен Кастаньенің жазуы бойынша, құрылымы шикі кірпіштен қаланған дөңгелек пішінді 6-8 қырлы күмбезді құрылыс. Ішкі көрінісі биік, қабырғалары кереге өрнегімен нақышталған. Исламға дейінгі түрік сәулет құрылысы үлгісімен салынған. (Сурет 23.)

1998 жылы археолог Т.Мәмиевтің жетекшілігімен қорымдағы бейіттерді құжаттау, мерзімдеу жұмыстары барысында мәні бар 76 бейіт есепке алынған. [Т.Мәми. Кейінгі ортағасырдағы Арал өңірінің қалалары (ХІІІ-ХУІІІ ғғ.). Қызылорда, 2007. 119-122-бб.]. Т.Мәмиев олардың зерттеу барысындағы топографиялық сыртқы бейнесі жағынан бірнеше типтерге бөледі:

1-үлгідегі (типтегі) тас бейіттердің 43-тен астамы белгіленген. Үстіндегі сағана орнына үйілген тастар бор жасайтын қара-қоңыр тасты, не домалақ майда тас. Бір ерекшелігі кейбір сыртқы бейнесін сақтағандарында дінгек тас құлпы таста ру белгісі қашалған. Онда әсіресе, Жаппас, Алтын, Телеу, Тама, Жағалбайлы т.б. рулардың таңбалары сызбаланған. [М.Тынышбаев. Материалы к истории киргиз-казахского народа, Ташкент, 1925. - С. 28-30. С.Аманжолов. Вопросы диалектологии истории казахского языка, Алма-ата, 1958, С. 11-18.]

Зерттеушілердің деректерімен баламалап тұжырымдағанда көшпелі тайпалар жерлеу мәдениетінде қола ғасырынан бастап, обалы тас бейітті жерленіп кейінгі көшпелілерде ХІІІ-ХV ғасырларға дейін сақталған. [Кригер В.А. Железников Б.Ф. Позднекочевнические погребения у пос. Рубежа и алебастрово Уральской области. // СА, Москва, 1980, 1. - С. 300-306.]

Қыпшақтар кезеңінде балбалдар аумақты болып келсе, кейін олар мұсылман дінінің әсерінен адам кейіпін жоғалта бастайды. Бұл

ескерткіштерді әдеп-ғұрыптар өтпелі алмасқан IX-XIII ғасырларға мерзімдеуге негіз болады.

Сонымен бірге қорымда бетіне араб тілінде жазуы бар шағын құлпытастар да кездеседі. Олардың көбісі орнынан қозғалып кеткен. Бірінде: «*Абул-хасан шах IX ғасырда осы жерде жерленген*» - делінген (оқыған араб тілі маманы Ш.Тобжанов).

Мұндай дәстүр балбал және бейнесіз тастар қою әдеп-ғұрыптарынан кейін өлкеде өмір сүріп келе жатқан кіші жүз руларында көп тараған. (Сурет 24.)

Қорқыт ата мәселесіне байланысты жерлеу қорымындағы зерттеу нәтижесі географиялық, тарихи таным және бейіттердің сыртқы сағаналық құрылымына қарай төмендегідей тұжырымдалар қарастырылады:

Бірінші, Қорқыт ата өңірі тарихи-географиялық тұрғыдан оңтүстігінде Жетіасар және батысында «батпақтағы қалалар», оғыз мемлекетінің астанасы Жанкент, Кескен-күйік қала, Күйік қала мәдениеттерімен жалғасып жатыр; [Левина Л.М. Керамика Нижней и средней Сыр-дарьи в 1 тысячелетии нашей эры. Москва, 1971. - С. 242-255; Итина М.А. История степных племен Южного Приаралья (II нач. 1 тыс. До н.э.) Москва, 1977. - С.39; Толстов С.П. Города гузов // СЭ, Москва, 1947, 3. - 67-69.]

Екінші, таңбаларды және қыш өндірісі деректерін зерттеу нәтижелерін өңір тұрғындарының этникалық мәліметтерімен салыстырғанда, Қорқыт ата қорымында үш жүздің қайтыс болған адамдарының жерленуі Қазақ еліндегі оның қасиетті орын (пантеон) болғанын көрсетеді.

Үшінші, қорымдардағы бейіттер сыртқы бейнесіне қарай үлгілерге (типтерге):

- 1) Тас бейіт (дөңгелек, төрт бұрышты түрдегі);
- 2) Шеңберлі (қойқорған);
- 3) Сатылы сағана (бесік);
- 4) Үстінде сағанасы жоқ;
- 5) Мазар;
- 6) Мешіт болып бөлінеді.

Тас бейіттер қола ғасырдан бастап, IX-XV ғасырларда пайдаланылып, кейін ислам дінінің әсерінен жоғалған. Бейіттерді баламалық жағынан Алтын Орда қалалары мәдениеті деректерімен шендестіруге болады. [Т.Мәми. Кейінгі ортағасырдағы Арал өңірінің қалалары (XIII-XV ғғ.). Қызылорда, 2007. 119-122-бб.]

Археологиялық қазба мәліметтерімен нақтылағанда Л.Т. Яблонскийдің жіктеуінше: «1-түр. Мавзолей және мешіт территориясында кірпіш сағана астына жерленгендер. 2-түр. Табыт асты қапталдық бейіттерге жерлеу. 3-түр. Ағашпен жабылған және жабылмаған, құлпытассыз қатардағы көпшілік қорымға жерленгендер. 4-түр. Мавзолейге орыналасып, құлпы тассыз ағаш-қималық сағаналарға жерленгендер», - деп ерекшелеп зерттей түсу қажет. [Яблонский Л.Т. Мусульманский некрополь Водянского городища // СА,

Москва,1980,1, С. 90-104, 221. Яблонский Л.Т. Социально-этнические взаимоотношения в Золотоордынском городе (По данным могильников) // Средневековая городская культура Казахстан и Средней Азии. - Алма-ата. - 1963. – С. 221-228.]

Сонымен Қорқыт ата өңірі ежелден келе жатқан көшпелі малшылар мен жерөңдеушілер, қала мәдениеттерінің тоғысқан жері. Қорымдағы бейіттер мен маңайындағы тұрақтар деректері Жетіасар дәуірінен (б.з.д. I мыңжылдықтың соңы), орта ғасырға мерзімделіп, қазіргі уақытпен жалғасқандығын көрсетеді.

Жоғарыда аталып өткен апатты жағдайларда қалып отырған тарихи-мәдени ескерткіштерді зерттеу, өлке тарихының кейбір «көлеңке» қалып қойған тұстарына сәуле түсірері сөзсіз. Сондықтан, осы бағыттағы кезек күттірмейтін қорғау және сақтау жұмыстарын ұйымдастыру «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығы жұмысының негізгі бағыттарының біріне айналып отыр. Бұзылған және жойылу қаупіндегі ескерткіштердің санын анықтап, барлау және археологиялық қазба жұмыстарын жүргізудің нәтижелері ғылым үшін де, жер игерушілер мен өлкетанушылар, туризм саласы өкілдері, ескерткіштерді қорғау мекемелері үшін де аса құнды анықтама құралы болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Елеуов М., Құрманқұлов Ж. Сортөбе. Жанкент және Жент. – Түркістан: Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, ТҰРАН. – 2008. – 93 с.
2. Левина Л.М. Низовья Сырдарьи в древности. Вып. 5. М., 1995 Левина, 1995.
3. Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы. – Алматы: Аруна, 2011. – 504 бет.
4. Толстов С.П. По древним Дельтам окса и Яксарта. – М; Издательство Восточной литературы: 1962 г. – 353 с.
5. Ф.Алтаева. Сырдарияның төменгі ағысындағы мавзолейлердің классификациясы 6M011400 - Тарих мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының АВТОРЕФЕРАТЫ. Қорқыт Ата атындағы ҚМУ, Қызылорда, 2013.
6. М.Тынышбаев. Материалы к истории киргиз-казахского народа, Ташкент, 1925. - С. 28-30. С.Аманжолов. Вопросы диалектологии истории казахского языка, Алма-ата, 1958.
7. Кригер В.А. Железников Б.Ф. Позднекочевнические погребения у пос. Рубежа и алебастрово Уральской области. // СА, Москва, 1980.
8. Левина Л.М. Керамика Нижней и средней Сыр-дарьи в 1 тысячелетии нашей эры. Москва, 1971.; Итина М.А. История степных племен

Южного Приаралья (II нач. 1 тыс. До н.э.) Москва, 1977.; Толстов С.П.
Города гузов // СЭ, Москва, 1947.

С.Ө. Біләлов, Ә.Ә. Тәжекеев, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік
университеті
«Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми
қызметкерлері